


Алынуы [40]

17,72 г (0,1 моль) PdCl_2 , 131 г (0,5 моль) PPh_3 және 1200мл диметилсульфоксид қоспасын, магниттік араластырғышпен және екі ауызды өткізгішпен жабдықталған, сыйымдылығы 2 л-лік бірауызды қолбаға құяды. Екі ауызды өткізгіштің бір ұшы резеңке тығынмен жабылған, ал екінші ұшы инертті газ жүйесімен байланыстырылады. Жүйені аргонмен толтырады (қысымды түсіруді сынап барботер арқылы жүргізеді).

Реакциялық массаны араластыра отырып, май моншасында толық ерігенше, 140°C дейін қыздырады. Мұнан соң, моншаны алып тастап, ерітіндіні қуатты тағы 15 мин араластырады. Шприц көмегімен тез (1 мин) гидразингидратты қосады. Қуатты азоттың бөлінуі байқалады.


Түзілген қою қара түсті ерітіндіні сулы моншада тез салқындатады; 125°C кристалдану басталады. Одан әрі қарай салқындатуды сыртқы салқындатқыш агенттерді қолданбай-ақ жүргізеді. Қоспаны бөлме температурасына дейін салқындатып, оны ірі поралы шыны сүзгі арқылы сүзеді. Тұнбаны этанолмен (50 мл x 2) және эфирмен (50 мл x 2) жуады. Өнімді аргон ағынында түні бойы кептіреді. Алынған сары кристалдық өнім массасы 103,5-108,5 г (90-94%) құрайды.

Палладийдің (II) дихлоробис(бензонитрилін) синтездеуі



Қызғылт-сары кристалдар. Ауада тұрақты. Бензолда, хлороформда және ацетонда ериді. Қаныққан көмірсутектерде ерімейді.

Алынуы [41]



50 мл бензонитрилдегі 2,0 г (0,00011 моль) PdCl_2 суспензиясын 100°C дейін 20 мин бойы қыздырғанда, қызыл